

Өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнім сапасын арттыруды 2014 жылы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 шілдедегі N 184 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 шілдеде N 3403 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 х а т ы) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес 2014 жылға арналған басым ауылшаруашылық дақылдарының тізбесі;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары және басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға берілетін

субсидиялардың 2014 жылға арналған нормалары (1 гектарға);

3) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнім сапасын арттыруға берілетін субсидиялардың Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша 2014 жылға арналған көлемдері белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н. Ә. Шерубаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі «КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі	Б. Сапарбаев А. Мамытбеков
-----------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------

2014 жылғы « 14 » шілде

	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы « 11 » шілдедегі № 184 қаулысына 1 қосымша
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------

2014 жылға арналған басым ауылшаруашылық дақылдарының тізбесі

р/с №	Басым ауылшаруашылық дақылдарының атауы
1	Жаздық бидай
2	Күздік бидай
3	Күздік қарабидай
4	Қарақұмық
5	Тары
6	Арпа
7	Сұлы
8	Дәндік жүгері
9	Дәнді бұршақ тұқымдастар
10	Майлы дақылдар (күнбағыс, сафлор, шашақты зығыр, жаздық рапс, күздік рапс, қыша, арыш, кытай бұршақ)
11	Картоп
12	Көкөніс және бақша дақылдары
13	Қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер

14	Ағымдағы жылы егілген көпжылдық шөптер
15	Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер
16	Біржылдық мал азығы дақылдары
17	Судан шөбі
18	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс

	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылы « 11 » шілдедегі № 184 қаулысына 2 қосымша
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары және басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға берілетін субсидиялардың 2014 жылға арналған нормалары (1 гектарға)

р/с №	Басым ауылшаруашылық дақылдары	1 гектарға субсидиялар нормасы, теңге
1	Дәнді дақылдар (жаздық бидай, күздік бидай, күздік қара бидай)	600
2	Жемдік дақылдар (арпа, сұлы, дәндік жүгері)	300
3	Жарма дақылдары (қарақұмық, тары)	3500
4	Бұршақ дақылдары (асбұршақ, аңқа)	4000
5	Сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс	4000
6	Судан шөбі	3000
7	Біржылдық мал азығы дақылдары (жемшөпке арналған дәнді және майлы дақылдар)	2000
8	Ағымдағы жылы егілген бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	10000
9	Суармалы ағымдағы жылы егілген бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	12000
10	Екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	3000
11	Суармалы екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	6000
12	Ағымдағы жылы егілген астық тұқымдас көпжылдық шөптер	8000
13	Суармалы түрде ағымдағы жылы егілген астық тұқымдас көпжылдық шөптер	10000
14	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген (оның ішінде өткен жылғы күзде) бірінші, екінші және үшінші жылы өсу жылдарындағы көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер (тек қана көнежастағы егістікті жырту ескеріледі)	3000
15	Суармалы шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көпжылдық шөптер (тек қана көпжылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі)	6000
16	Майлы дақылдар (күнбағыс, сафлор, шашақты зығыр)	3500

17	Рапс, арыш, қыша	14000
18	Қытай бұршақ	15000
19	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолданып өсірілетін қытай бұршақ	45000
20	Көкөністер	120000
21	Бақша дақылдары	25000
22	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолданып өсірілетін көкөніс және бақша дақылдары, картоп	150000
23	Өнеркәсіптік үлгідегі қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер (екі дақыл айналымына арналған)	11000000
24	Фермерлік үлгідегі қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер (екі дақыл айналымына арналған)	5000000
25	Картоп	120000

	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылы «11» шілдедегі №184 қаулысына 3 қосымша
--	-----------------------------------------------------------------------------------------------

Өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнім сапасын арттыруға берілетін субсидиялардың Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша 2014 жылға арналған көлемдері

р/с №	Аудан, қала атауы	Көктемгі-егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары және басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандату (40%-ға дейін), мың теңге
1	Аягөз	36503
2	Бесқарағай	81780
3	Бородулиха	587019
4	Глубокое	258013
5	Жарма	56796
6	Зайсан	68764
7	Зырян	209002
8	Катонқарағай	116288
9	Көкпекті	352542
10	Күршім	24629
11	Тарбағатай	14178
12	Үржар	394057
13	Ұлан	214356
14	Шемонаиха	318515
15	Өскемен қ.	72216
16	Семей қ.	162054
17	Риддер қ.	17563

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК